



2006 жылға Өскемен қаласы бойынша мүгедектер үшін жұмыс орындарының квотасы туралы

Күшін жойған

Шығыс Қазақстан облысы Өскемен қаласы әкімдігінің 2006 жылғы 17 ақпандағы N 2365 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысы Әділет департаментінің Өскемен қалалық Әділет басқармасында 2006 жылғы 13 наурызда N 5-1-31 тіркелді. Қабылданған мерзімінің бітуіне байланысты күші жойылды - Өскемен қаласы әкімдігінің 2008 жылғы 11 ақпандағы № Ин-6/141 хатымен

Ескерту. Қабылданған мерзімінің бітуіне байланысты күші жойылды - Өскемен қаласы әкімдігінің 2008.02.11 № Ин-6/141 хатымен.

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңының 31 бабының 2 тармағына, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы" Заңының 31 бабының 1) тармақшасына, Қазақстан Республикасының "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңының 7 бабының 5-2) тармақшасына және Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2005 жылғы 7 желтоқсандағы N 419 "Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы" Заңын жүзеге асыру бойынша шаралар туралы" қаулысының (тіркеу нөмірі 2411) 2 тармағының 4) тармақшасына сәйкес мүгедектерді жұмысқа орналастыруды қамтамасыз ету мақсатында, Өскемен қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Өскемен қаласы бойынша мүгедектер үшін жұмыс орындарының квотасы қосымшаға сәйкес белгіленсін.

2. "Өскемен қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі әлеуметтік жұмыс орындарды ұйымдастырғанда мүгедектер үшін жұмыс орындарды жеке ескерсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау қала әкімінің орынбасары С.И. Ферхоға жүктелсін.

Өскемен қаласының әкімі

Өскемен қаласы әкімдігінің
2006 жылғы 17 ақпандағы
N 2365 қаулысына қосымша

2006 жылға Өскемен қаласы бойынша мүгедектер үшін жұмыс орындарының квотасы

| | | |
|--------------|--|--|
| Жұмыс беруші | | |
|--------------|--|--|

| N p/c | | Жұмыс орындарының жалпы саны | Мүгедектер үшін жұмыс орындар квота | |
|----------|--|---------------------------------|--|----|
| 1 | 2 | 3 | 4 | |
| 1 | "Айтас-Маркет" шектеулі серіктестігі сәйкес) | жауапкершілігі (шартқа | 300 | 10 |
| 2 | "Тау-Маркет" шектеулі серіктестігі сәйкес) | жауапкершілігі (шартқа | 270 | 9 |
| 3 | Қазақ саңыраулар оқу-өндірістік (шартқа сәйкес) | қоғамының кәсіпорыны | 124 | 6 |
| 4 | "Әділ" (шартқа сәйкес) | акционерлік қоғамы | 423 | 14 |
| 5 | "Өскемен жиһаз жауапкершілігі серіктестігі (шартқа сәйкес) | комбинаты" шектеулі | 113 | 4 |
| 6 | "Металлург мәдениет және демалыс паркі" шектеулі серіктестігі сәйкес) | жауапкершілігі (шартқа | 70 | 5 |
| 7 | "Востокмашзавод" қоғамы (шартқа сәйкес) | акционерлік | 1383 | 28 |
| 8 | "Алтын-Ай" (шартқа сәйкес) | қоғамдық бірлестігі | 20 | 5 |
| | БАРЛЫҒЫ | | 2703 | 81 |

*Қала әкімі аппаратының
басшысы міндетін атқарушы,
қала әкімінің кеңесшісі*

*Өскемен қаласының жұмыспен
қамту және әлеуметтік бағдарламалар
бөлімінің меңгерушісі*